Қостанай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы № 44 "2023 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 265 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 30 маусымда № 10035 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қостанай облысы әкімдігінің "2023 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" 2023 жылғы 31 қаңтардағы № 44 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9927 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы" деген бөлімде:

реттік нөмірлері 5 және 6-жолдар, жаңа редакцияда жазылсын:

"

5.	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарақтарының (оның ішінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарақтары) құнын арзандату	тірідей салмағы, килограмм	5 660 450	1 132 090,0
6.	Ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші	өндірілген сиыр етінің килограмы		775 000,0

	кәсіпорындардың сиыр етін дайындау құнын арзандату		4 428 571	

".

2. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі *К. Аксакалов*

Келісілді

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК